

## Әскери, әскери-әуе және әскери-теңіз атташелерінің аппараты туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 11 тамыз 1994 жылғы N 892 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 671 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 671 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қытай Халық Республикасындағы, Ресей Федерациясындағы, Америка Құрама Штаттарындағы және Түрік Республикасындағы Қазақстан Республикасы елшіліктері жанынан әскери атташелер лауазымының енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қосылған Әскери, әскери-әуе және әскери-теңіз атташелері туралы  
Е р е ж е б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат санына мыналар қосымша  
е н г і з і л с і н :

Қытай Халық Республикасында - әскери атташе лауазымы және құрамында әскери атташенің көмекшісі мен аудармашы бар аппарат;

Ресей Федерациясында - әскери атташе лауазымы және құрамында әскери атташенің көмекшісі бар аппарат;

Америка Құрама Штаттарында - әскери атташе лауазымы және құрамында әскери атташенің көмекшісі бар аппарат;

Түрік Республикасында - әскери атташе лауазымы және құрамында әскери атташенің көмекшісі бар аппарат.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі бір ай мерзім ішінде Қытай Халық Республикасындағы, Ресей Федерациясындағы, Америка Құрама Штаттарындағы, Түрік Республикасындағы Қазақстан Республикасы елшіліктеріндегі әскери атташелер мен олардың аппаратының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыс сметасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне табыс етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аталған мақсатқа қажетті  
қ а р ж ы б ө л с і н .

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі ведомстволық актілер мен нұсқауларға осы қаулыға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 11 тамыздағы  
N 892 қаулысымен

Бекітілген

**Әскери, әскери-әуе, әскери-теңіз атташелері туралы  
Ереже**

**I. Жалпы ережелер**

1. Әскери, әскери-әуе, әскери-теңіз атташелері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен қызметке тағайындалады және өздері барған мемлекеттегі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ресми өкілі болып табылады. Әскери атташелер Қазақстан Республикасының елшілігі ашылған мемлекеттің тиісті әскери ведомствосы жанында тіркеледі және өзінің мәртебесі бойынша Қазақстан Республикасы елшілігінің дипломатиялық қызметкеріне ж а т қ ы з ы л а д ы .

Бұдан былай - әскери атташелер.

2. Дипломатиялық дәрежесі жөнінде әскери атташелер Қазақстан Республикасы Елшісінің әскери мәселелер бойынша кеңесшісі болып табылады.

3. Әскери атташе Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне, ал атқаратын жұмысына қатысты бөлігінде - өзі тағайындалған мемлекеттегі Қазақстан Республикасының Елшісіне бағынады.

4. Негізгі функциялары бойынша әскери атташелер өздері тағайындалған мемлекетте Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің өкілі болып табылады, өздері тағайындалған мемлекеттің әскери, әскери-экономикалық, әскери-техникалық саясатын зерделеп, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне хабарлап отырады, өздері тағайындалған елдің Қарулы Күштері мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері арасында достық қарым-қатынас орнатады және оны нығайтады, сондай-ақ ақпараттық-өкілдік жұмыс жүргізеді.

5. Әскери атташелер дипломатиялық қарым-қатынас туралы 1961 жылғы Вена конвенциясында көзделген және өздері тағайындалған мемлекет елшіліктің дипломатиялық қызметкерлеріне беретін артықшылықтар мен иммунитеттерді п а й д а л а н а д ы .

6. Әскери атташелердің өз аппараты болуы мүмкін. Әскери атташелер аппаратының санына шет елдегі Қазақстан Республикасы елшілігі (өкілдігі) қызметкерінің жалпы саны шегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті б е л г і л е й д і .

Аппарат құрамына әскери атташенің орынбасарлары мен көмекшілері (

дипломатиялық қызметкерлер), сондай-ақ әскери атташелер аппаратының аудармашы, машинисші, жүргізуші және т. б. (әкімдік-техникалық және қызмет көрсетуші адамдары) функциясын атқарушы қызметкерлері кіреді.

Әскери атташелердің, олардың аппаратының, сондай-ақ отбасы мүшелерінің өздері барған елде болу мерзімі, ұлттық және шетелдік валютадағы айлықақысы, шет елдегі ауыр климат жағдайындағы жұмысы үшін арнаулы үстемақы, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру, медициналық жәрдем, тұрғын жаймен қамтамасыз ету және басқа қамтамасыз ету түрлері Шет елдегі еңбек жағдайлары туралы ережелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің басқа да нормативті актілері мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтарына сәйкес белгіленеді.

7. Қазақстан Республикасының сол мемлекетпен қарым-қатынасының деңгейіне қарай онда әскери атташе, әскери-әуе атташесі және әскери-теңіз атташесі немесе олардың кейбіреуі ғана тіркелуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері командованиесінің ұйғаруы бойынша осындай атташелердің біреуіне Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің барлық түрлерінің өкілі болу жөніндегі функцияны жүктеуге болады.

8. Жекелеген жағдайда әскери атташелер бір елде тұрғылықты тұрып, екі немесе одан да көп елде тіркелуі мүмкін.

9. Әскери атташелер ресми қызметін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басшылығымен оның сыртқы байланыс органдары арқылы жүзеге асырады.

10. Әскери атташелер мен олардың аппаратының офицерлері өздері тағайындалған мемлекетке барар алдында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ұйымдастырған арнайы дайындықтан өтеді.

11. Тағайындалған елде болу мерзімі аяқталғаннан кейін, ал қажет болған жағдайда мерзімінен бұрын, әскери атташелер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен қызметінен кері шақырып алынады, бұл жайында олар тағайындалған елдің Сыртқы істер министрлігіне немесе тараптар анықтағанындай бір басқа министрлікке хабарланады.

## II. Өкілдік жұмыс

12. Әскери атташелер мен олардың аппараты офицерлерінің өкілдік жұмысына өздері тағайындалған мемлекеттің әскери ведомстволарымен ресми байланыс орнату және оны қолдау, әскери саладағы қарым-қатынасты нығайту, сондай-ақ хаттама шараларды жүргізу жөніндегі қызметі енгізіледі. Әскери өкілдік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу үшін жауапкершілік әскери атташелерге жүктеледі.

13. Өкілдік жұмысында әскери атташелер Қазақстан Республикасының заңдарын, Қорғаныс министрінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрықтары мен директиваларын басшылыққа алады. Тағайындалған мемлекеттегі өкілдік жұмыс мәселелерін әскери атташелер Қазақстан Республикасының Елшісімен келісіп отырады.

14. Өз мемлекеті Қарулы Күштерінің өкілдігін жүзеге асыра отырып, әскери атташелер :

өзі тағайындалған мемлекеттің Қарулы Күштері командованиесімен ресми қарым-қатынас орнатып, оған қолдау көрсетеді, жергілікті әскери өкіметтің шақыруымен парадтарға, байқауларға, салтанаттарға, әскери жаттығулар мен маневрлерге қатысады, әскери объектілерге және әскери-оқу орындарына барады, ел ішіндегі сапарларға қатысады; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері командованиесінің нұсқауы бойынша ЕҚЫК-нің құжаттарына сәйкес бақылаушы функциясын атқаруға тартылуы мүмкін;

өзі тағайындалған мемлекеттің үкіметі және әскери басшылығы, дипломатиялық қарым-қатынас орнатылған шет ел мемлекеттерінің елшіліктері мен әскери өкілдері ұйымдастырған қабылдаулар мен ресми шараларға қатысады ;

өзі тағайындалған елге Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, оның орынбасарларының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы мен оның орынбасарларының сапарын дайындауға қатысады, оларды қарсы алып, сапар кезінде еріп жүреді;

өзі тағайындалған мемлекетте Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басқа да лауазымды адамдары мен әскери қызметшілер тобының болу бағдарламасының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

15. Елшінің нұсқауы бойынша әскери атташелер елшіліктің жылдық баяндамасының өзі тағайындалған мемлекеттік әскери саясаты мен қарулы күштері туралы бөлімін дайындайды.

16. Әскери атташелер ай сайын, ал қажет болған жағдайда дереу, өзі тағайындалған елдегі әскери-саяси жағдай туралы дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне хабарлайды.

### **III. Ақпараттық жұмыс**

17. Әскери атташелердің ақпарат жұмысы Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет бабындағы жұмысының құрамдас бөлігі болып табылады.

18. Ақпараттық жұмыс Елшінің басшылығымен дербес шаралар нысанында, сондай-ақ хаттама-өкілдік қызмет кезінде жоспарланып, жүргізіледі.

Бұл қызметтің негізгі нысандары:  
жергілікті, соның ішінде әскери аудитория алдында лекция, баяндама жасау,  
ә н г і м е ө т к і з у ;  
радио, теледидар арқылы сөз сөйлеп, баспасөзде жариялым жасау (Қазақстан  
Республикасы Елшісі мен Қорғаныс министрлігінің келісуі бойынша);  
елшілік өкілдерімен бірлесіп шет ел журналистеріне арналған баспасөз  
к о н ф е р е н ц и я л а р ы н а к а т ы с у ;  
әскери-дипломатиялық корпус өкілдеріне арналған көркем және деректі  
фильмдер мен бейнетаспаларды байқап көру;  
ф о т о к ө р м е л е р ұ й ы м д а с т ы р у .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК